8 ТДМ міндеттері

8.1 Халықтың жан басына шаққандағы экономикалық өсімді ұлттық жағдайларға сәйкес және атап айтқанда, ең аз дамыған елдерде жалпы ішкі өнімнің өсімін жылына кем дегенде 7 пайыз деңгейінде қолдау

8.2 Әртараптандыру, техникалық жетілдіру және инновациялық қызмет арқылы, соның ішінде жоғары қосылған құны бар секторларға және еңбекті көп қажетсінетін секторларға айрықша назар аудару арқылы экономикада өнімділіктің жоғарылауына қол жеткізу

8.3 Өндірістік қызметке, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және инновациялық қызметке ықпал ететін дамуға бейімделген саясатты жүргізуге жәрдемдесу және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті ұсыну арқылы микро, шағын және орта кәсіпорындардың ресми танылуы мен дамуын көтермелеу

8.4 2030 жылдың аяғына дейінгі бүкіл мерзім барысында қорларды тұтыну және өндіріс жүйелерінде ғаламдық пайдалану тиімділігін біртіндеп арттыру және Тұтыну мен өндірістің тиімді үлгілерін пайдалануға көшу бойынша он жылдық стратегиясында қарастырылғандай экономикалық өсім қоршаған орта жағдайының нашарлауымен тұспа-тұс келмеуіне ұмтылу керек, алайда, мұны ең әуелі дамыған елдер қолға алуы тиіс

8.5 2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ерлерді, соның ішінде жастар мен мүгедектерді де толық және өнімді кәсіппен және лайықты жұмыспен және теңдей бағалы еңбек үшін бірдей жалақымен қамтамасыз ету

8.6 2020 жылға қарай жұмыс істемейтін, білім оқымайтын және кәсіби дағдыларды үйренбейтін жастардың үлесін едәуір қысқарту

8.7 Мәжбүрлеп еңбек еткізуді, заманауи құлдықпен адам саудасын тамырымен жою үшін шұғыл әрі тиімді шаралар қолдану және жалдау және балаларды әскерге пайдалануды қоса алғандағы балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу мен жоюды қамтамасыз ету, ал 2025 жылға қарай балалар еңбегінің барлық нысандарын жою

8.8 Еңбек құқықтарын қорғау және еңбек-мигранттарын, әсіресе әйел-мигранттарды және тұрақты кәсібі жоқ адамдарды қоса алғандағы барлық еңбек етушілер үшін сенімді әрі қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз етуге жәрдемдесу

8.9 2030 жылға қарай жұмыс орындарын құруға, жергілікті мәдениеттің дамуына және жергілікті өнімдерді шығаруға ықпалын тигізетін орнықты туризмді көтермелеу стратегияларын әзірлеуді және жүзеге асыруды қамтамасыз ету

8.10 Ұлттық қаржылық мекемелердің қабілеттілігін күшейту және барлығына бірдей банктік, сақтандыру және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті көтермелеу және кеңейту

8.a «Саудадағы көмек» бастамасының аясында дамушы елдерге, әсіресе нашар дамыған елдерге қолдау көрсетуді, соның ішінде Нашар дамыған елдерге сауда саласында техникалық көмек көрсетуге арналған кеңейтілген кешенді бағдарлама бағыты бойынша қолдау көрсетуді ұлғайту

8.b 2020 жылға қарай жастарды жұмыспен қамту ғаламдық стратегиясын әзірлеу және қолданысқа енгізу және Халықаралық еңбек ұйымының жұмыс орындары туралы Ғаламдық келісімді жүзеге асыру

Қазақстанда келесі міндеттер қабылданды: 8.1, 8.2, 8.3, 8.5, 8.6, 8.7, 8.8, 8.9, 8.10, 8.b